

3/1- СЕКЦИЯ

«ҚАЗІРГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ПЕН ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

ӘОЖ 82.0.821.514.124.09

Т.ӘБДИҚҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМ МӘТІН-АВТОР-ОҚЫРМАН КОНЦЕПЦИЯСЫ («Оң қол», «Парасат майданы», «Тозақ оттары жымындайды» шығармалары бойынша)

Ақан Әйгерім, Сулейман Демирель атындағы университет

Түйін

Бұл жұмыста автор ойын оқырман санасының қабылдау ерекшелігі, оқырман танымының дәрежесі айтылады. Т.Әбдіқұлы шығармаларындағы автордың, көркем мәтіннің, оқырманның рөлі қарастырылады. Автордың көркем мәтінге, көркем мәтіннің оқырманға әсер ету процесі баяндалады.

Кілт сөздер: шығармашылық өмірбаян, мәтіндегі автор, интерпретация, шығармашылық үдеріс.

Аннотация

В этом труде разъясняются особенности восприятия читателем авторской мысли, уровень познания читателя. Рассматриваются роли автора, художественного текста, читателя в трудах Т.Абдикулы. Рассказывается о процессе влияния автора на художественный текст, художественного текста на читателя.

Annotation

In this work, features of reader's perception of author's thought, level of knowledge of the reader are explained. Roles of the author, of the fiction, of the readers in the works of T.Abdikululy are considered. It is told about process of influence of the author on the literary text, and the influence the literary text on the reader.

Көркем шығарма, оқырман, автор арасындағы байланыс сонау Аристотельдің еңбектерінен бастау алады. Ұлы ұстаздан кейінгі еңбектерде осы «үштік» ұғымы кеңейіп, басқа да қырларымен танылды. Мәселен, Б.С.Мейлах «Ой-шығарма-қабылдау», А.М.Левидов «Қаламгер-образ-оқырман», У.Эко «Қаламгер-мәтін-оқырман», В.В.Молчанов «Ой-көркем шығарма-оқырман», В.Г.Благова «Қаламгер-мәтін-оқырман» деген концепцияларды өрістетіп дамытты. Әр зерттеуші автордың оқырманға қатысынан бөлек, автордың мәтінге, автордың ойға, автордың образға қатысын анықтауға тырысқан.

Автор – көркем шығарманы жаратушы, дүниеге әкелуші, оқырманға ұсынушы тұлға. Шығармада автор баяндаушы рөлінде немесе өзге бір кейіпкер ретінде әрі шығармаға кірігіп, бірігіп кеткен автор түрінде қатынасады. Яғни, әр автор өз шығармаларын объективті түрде де, субъективті түрде жазады. Биографиялық автордың объективті әңгіме жүргізетіндігін көрсетеді. Ол өзін мәтіннен тыс ұстайды. Мәселен, Л.Толстой өзінің күнделігінде А.Пушкиннің өзінің Татьянасының аяқ астынан күйеуге шыққанын күтпегендігін досына айтқанын мысал ете отырып, Анна Каренинаның да жазушының дегенімен жүрмегенін жазып кеткен екен. Автордың шығарманың тысында қалуы шығарманы авторсыз қалдырып, оқырманның иленуі тастайды.

Ал мәтіндегі автор көркем мәтіндегі кейіпкерлеріне өз көзқарасын сіңіреді. Автордың өзінің өмірінің шығармаға араластыруының кемшілігімен қатар, жетістіктігі де бар. Автор өз

кейіпкерлеріне өз бойындағы жақсы қасиеттерді кейіпкерлерінің бойына енгізуі арқылы шынайы кейіпкер тудыра алуына, шынайы шығарма жазуына мүмкіндік береді. Сонымен бірге, кей кездерде немесе үнемі автор өз шығармаларында өзінің антименін қолдануы мүмкін. Ол туралы А.Моруа атты француз жазушысы көп айтқан болатын. Өйткені, автор шығармасында өзінің бетпердесін киюі арқылы өзі туралы басқа да ойлардың қалыптастыра алады. Мұндай авторларға Э.Хемингуэй, М.Горький айтсақ болады. Мұндай кезде оқырман қаламгердің жеке өмірімен жете таныс болуы арқылы шығарманы автордың өмірімен қатар қарастырып, шатастырып алуына әкелетін тұстары да жетерлік. Сонымен бірге, зерттеушілерді де өз арнасынан адастырып жіберуі ықтималдылығы жоғары. Қоғамға, қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға қолдауы мен қарсылығын шығарма арқылы білдіруі де кей сәттерде өз жемісін бере қоймайды.

Т.Әбдіқұлы - қазақ прозасына 60-70-жылдары келген жазушы. Жазушының шығармалары адамгершілікке, ізгілікке, мейірімге, еңбексүйгіштік сынды қасиеттерге арналған. Т.Әбдіқұлы тұлғаның екіге бөлінуі сынды психологиялық мәселені де қозғаған. «Оң қол», «Парасат майданы», «Тозақ оттары жымыңдайды» атты шығармаларында тұлғаның екі ойда болуы, екі тұлғада өмір сүруі көрініс табады. Тұлғаның екіге жарылуы туралы жазылған шығармаларынан соң, автор біраз сынға да ұшыраған. Даттаған да, мақтаған да көп болды. Автордың бұл мәселені қозғауы уақыт сынынан сүрінбей өтті. Р.Рүстембекова: «Өмірдегі зұлымдық атаулыны адам өз қолымен көбіне саналы түрде істейтінін айтып, жазушы оны қоғамдық үлкен дертке ұштастырады»/1, 35 б./ -деп, автордың идеясын жеткізсе, С. Асылбекұлы: «Егер ауыл мен қала, тарих тақырыптарына арналған шығармалар 1970 – 1980 жылдардағы қазақ повестерінде мольнан ұшырасатын болса, бұл жанрдың шетел өміріне арналған үлгілері тек Т. Әбдіқұлының шығармашылық өмірбаянынан ғана табылады. Бұның басты себебі осы тақырыпқа қалам тартудың қиындығында жатса керек» /1, 36 б./- деп, автордың тақырып таңдауындағы, оқиға желісін жеткізуі туралы тың жаңалықтарын жоғары бағалаған. Тағы бір жазушы Қ.Құманқалиұлының бір пікіріне сүйенсек: «Жазушының арақу тайпасынан шыққан «медицинаға» тұтас бір дәуір әкелген данышпан доктор Эдуард Бэйкер мен әйгілі көріпкел, жындыханада жатып, ғылыми тәжірибе жасауға зорлықпен белгіленген Роберт сияқты шетелдік кейіпкерлердің шығарма желісіне арқау болуы бекер ме? Өз ортамыздан лайықта оқиға, сюжет таппаған соң алынған деуге ауыз бармайды. Бұл екі повесть біздің елде өмір шындығының өңін айналдырып, социалистік реализм қалпына салып қана жазадан қашақтаудан туған туындылар. Жазушының ақиқатты айту үшін тапқан тәсілі» /1, 36 б./ - деген көзқарасы автордың тың тақырыптарға бара алуын, жаза алуын жоғары бағалаған. Т.Әбдіқұлы – мәтінге субъективті түрде қарайтын «мәтіндегі автор» ұғымындағы жазушы.

Көркем мәтін – қаламгер санасының түрлі процестері арқылы пісіп-жетіліп, жарыққа шыққан көркем туынды және қаламгердің шығармашылық ой-санасының заттанған түрі. Көркем мәтіннің табиғаты В.В.Савельеваның тұжырымында толық ашылған: «Көркем мәтін - шығармашылықтың сырлы нәтижесі; талқылаудың және саралаудың нысаны; қаламгер мен оқырманның дүниеге деген өзіндік көзқарасының нәтижесі; ол белгілі бір мәдениеттанудың феномені; лингвистикалық санаты; сублимацияның нәтижесі және невропатологияның куәлігінің айғағы; архетипиялық әлемі; психологиялық нақтылық» /2,18 б/. Осыдан көретініміз, автор көркем мәтін арқылы оқырманмен ой бөлісіп, оқырман көркем мәтін арқылы қаламгермен тілдесіп, автор мен оқырман арасындағы шығармашылық байланыс орнайды. Оқырман мен автор арасындағы байланыс - қоршаған ортаға, қоғамдық жағдайға, әлеуметке деген көзқарастарын байлайтын, шимайлайтын түйіншек. Яғни, көркем мәтін арқылы оқырман автормен сұқбаттасады. Автордың шығармашылық тұлғасы мен оқырманның рухани болмысы көркем мәтінде көрініс тапқанда ғана автор мен оқырман арасында ортақтық пайда болады. Ортақтықтың пайда болуы оқырман мен автор арасындағы шығармашылық байланысты тудырады.

Автор көркем мәтінде оқырманға ойды ашық жеткізбейді. Бұл мәтін астары арқылы жүзеге асады. Мәтін астары жайлы М.Гиршман: ««Мәтін астары» көркем шығармада болуы заңдылық әрине, ол тіпті оған тәуелді болады. Сондай-ақ, көркем шығармада «Мәтін астарының» көрініс табуы оны басқа ауыз әдеби туындылардан ерекшелендіріп тұрады. «Мәтін астары» - ашық

айтылмаған ойды жеткізу мәртебесіне ие болып, көркем шығарманың ішкі мазмұнын ашу мақсатында оның бейнеленген «әріптер мен сөздерді» эстетикалық тұрғыдан маңызды бір бөлшекке айналдырады» /3, 86 б. /-деп, көркем мәтіннің басқа мәтіннен айырмашылығы мәтін астарының болуын айтқан. Мәтін астарында қаламгердің көркемдік әлемі, дүниетанымы ішкі мазмұн арқылы көрінеді. Мәтін астары оқырманның шығарманы толық түсініп, автор ойымен ұштасып, өз қиялымен шығарманы қайта жазып шығуына, шығармашылық әрекетті бастан кешіреді. Осыған байланысты В.Белинский: «Егер шығармадан адам баласы (оқырман) өзіне керек ештеңе таппаса, тек ақынның жеке басына ғана тән нәрсе болса, онда ол ешқандай көңіл аудармайтын бос дүние болмақ. Демек, ақын тудырған дүние жалпы адамзатқа ортақ бола отырып, ақынның өзіне де тиесілі. Шығарма табиғатына тән осындай ортақтастық болғандықтан да, көркем шығарманы тануда өзгелердің де оқиғаны адамдық тұрғыдан қайта бастан кешуіне суреткер мүмкіндік береді» / 3, 76 б./ - деген пікірі оқырман мен автор арасындағы ортақ шығармашылық көпірді айқындаған.

«Оң қол» әңгімесі - автордың мақталуы мен датталуына алаңына айналған шығарма. «Оң қол» әңгімесінде жас қыздың оң қолының өз-өзін қылқындыруы және дәрігердің жас қызға көмектесуі жайлы өрбиді. Төлен Әбдіковтың бұл әңгімесі бұрынғы әңгімелерінің ешқайсысына да ұқсамайды. Бұл әңгімеде ар да ұят та, адалдық та арамдық та, басы артық ешнәрсе жоқ. Тек қана бір күштің бар екені мәлім. Сол күш қандай күш? Ақ ниетті ме, әлде қара ниетті ме? Дәрігердің сөзін мысалға алсақ: « – Рас, адамның өз денесінің өзіне жау болғаны бақытсыздық. Бірақ адамның өзіне - өзі жаулығы соншалық сирек оқиға ма? Сот залына барып айыпталған адамдардың қателіктерін тізіп көріңіз, бәріне де өздері кінәлі. Кісі өлтіруден бастап, ұрлық істеу, арақ ішіп төбелесу, әйел зорлау, адамды балағаттау, содан кейін түрмеге түсіп, өмірін қор қылу өзіне - өзі жаулық жасау емес пе? Адам бойындағы эззілдің жаңағы оң қолдан несі кем?...» /4 / . Яғни қай кезеңде адам өз өміріне қожа, ал қай кезеңде өміріңе қожа емессің. Бұған жауап беру өте қиын. Және мүмкін бе? Әңгімеден соң оқырман өзіне осылай сұрақ қояр еді. Әңгіменің идеясы әлі құпиясы ашылмаған тылсым өмірдің жұмбағы. Әңгіме ХХ ғасырдың 70-ші жылдарында жазылса да, дәл қазіргі кезеңдегі қоғамды суреттегендей әсер аласыз. Автор көркем мәтінге адамның өз қолымен жақсылықты да, жамандықты да істей алады деген идеяны салған. Ал оқырман: «Анашамен жандары уланған қаншама жас бұл өмірден өзімен - өзі алысып, о дүниеге аттанып жатыр. Бұған кім кінәлі? Қоғам ба ? Ата – ана ма? Әлде қаны далаға сіңген қазақтың қалада өмір сүруі ме?» -деген сұраққа жауап іздеп, автор идеясын одан ары дамыта түседі.

Жазушының « Парасат майданы » атты повесінде де адам жанының екіге бөлінетіндігі туралы тағы да дәлелдегендей болады. «Оң қолда» кейіпкер әлі өмірде ештеңені білмеген жас болса, «Парасат майданындағы» кейіпкер өмірдің «дәмін» татып, ауыртпалықтан жүйкесі тозған адам. Екі шығарма екі түрлі жастағы кейіпкер, бірақ бір оқиға. Яғни, тұлғаның екіге бөлінуі - екі шығарма байланыстырып тұрған көрінбейтін жіп. «Парасат майданы» повесі - жазушының ой-толғаныстары, болашаққа қатысты күдіктері көрініс тапқан философиялық шығарма. Жазушы парасат майданы үшін болған ұрыста неге үнемі жауыздықтың жеңіске жете беретінінің себебін іздейді. Ізгілік пен зұлымдықтың күрделі табиғатына қарап, жазушы көзімен әрекет жасайды. Күнделік арқылы өмірдегі карама – қайшылықты бір-біріне қарсы қойып, жақсыдан жаман, жаманнан жақсы туындайтынын бір күннің ішінде екі түрлі өмір кешетінін жеткізеді. Шын мәнінде, адам жанының күніне қырық құбылатыны баршамызға аян. Бірақ ешкім де осыған мән беріп, өзін - өзі зерттемейді ғой. «Тіршіліктің мағынасын іздеу деген бір қиын іске бел бұған екенсіз. Мұның өзі, шындап келгенде, рух деп аталатын ұлы әлемге сапар шегу ғой. Менің ойымша, адам өмірі – жақсылық пен жамандықтың мәңгілік қақтығысы деген қалыптасқан тұжырым әлі де ойлануды қажет етеді. Себебі жаңағы Жамандық пен Жақсылықты жеке –жеке бұғалықтап, екі жаққа бөліп қоя алмайсың. Ең қызығы – Жақсылық пен Жамандық қашан кереғар болғанымен, бірімен - бірі өзектес, сабақтас, бір-бірінің күндері жоқ егіз құбылыс» /4/. Жазушы ізгілік пен қиянаттың да негізі бір деген философиялық ой тастайды. Сыйлайтын адамның жаман қылығын, ісін көргенде адам бұған сене алмай ұзақ жүреді. Бірақ бұл шынайы көрініс болып шығады. Ал кейіпкерінің ойын келтірейікші: «Мен ойлаймын: мына заманда, қалыпты жағдай мен

шектен тыс құбылыстың мидай араласып кеткен тұсында, дерт пен денсаулықтың ортасына шекара қою мүмкін емес. Айталық, бір тісің аузыңа симай кетсе – патология, ал кеше ғана күйіп жанған ғашықтар мен қанды көйлек достар аяқ астынан бір – біріне опасыздық жасап жатса – бұл патология емес, бұл тіршілікке тән қалыпты жағдай. Және осы ұғымға да, қағидаға да егіміз үйренген. Әйтпесе, адамгершілік мұратыңды сатудан артық қандай патология болуы мүмкін? Бүгінгі әлеуметтік мінез – құлық, өзінен басқаның бәрін иттің етінен жек көретін өлермен өзімшілдік, жексұрын мақтаншақтық, жаны ашымас қатыгездік, мейірімсіздік, іштарлық – патология емес пе?» / 4/. Көркем мәтін автордың парасатқа қатысты идеясын терең сіңіріп, оқырман қауымды баурап алады.

Жазушының келесі шығармасы – «Тозақ оттары жымыңдайды» повесі. Жазушы Кияку–Эдуард бейнесі арқылы адамзаттың құдірет иесі екенін, қай ортада болмасын, қандай ұлт болмасын адам болып қалатынын дәлелдейді. Адамның ғылым, техника дамыған заманда да қателесіп, қиналып жүретінін айтады. Уақыттың да, білімнің де қадірін білмейтін адамдарды шығарманың басты идеясы етеді. Адамның алданыш іздеп, өз өткенін ұмытып кететін автор көркем мәтінде былай көрсеткен: «Цивилизация әлемінің – Нью-Йорктегі 100 қабат үйлер мен жарқылдаған жасау бұйымдардың, өлшеусіз салтанат пен дабыра қошеметтің, әлемге әйгілі болған даңқ пен ғылыми табыстардың, талантына бас ұрған сансыз тобырдың аһ ұрған даурықпасының тағы сол сияқты өмірдің ойлануға мұрша бермеген әртүрлі алданыштарының астында әлдеқашан ұмыт болып, өлдіге саналған бір тіршілік әлдеқалай жан бітіп қыбыр еткендей болды. Және ол – о дүние мен бұл дүниенің ара қашықтығындай алыста, тым алыста қалған тіршілік еді. Доктор Бейкер сол сәтте адам баласының ұзақ ғұмырында бір-ақ кездесетін, болмаса кездеспей де кете беретін айрықша тағдыр қалтарысына тап болғанын және ендігі ғұмыры осы қалтарысқа байланысты екенін түсінді». Бұл мәтін адамның тығырыққа тірелерде ғана істерін ой сүзегінен өткізетінін туралы идея айтып кетеді. «...Бұл жатқан индеец араку тайпасынан қалған ең соңғы адам. Бұл өзі мүлде белгісіз тропикалық ауру. Және тұқым қуалайды екен. Этнографтар бұл тайпаны осы уақытқа дейін аштан қырылды деп келген. Олай емес, дәл осы аурудан қырылып бітіпті» - дейді бұның қасында жүрген дәрігер» /4/-деген жолдар адамның өкініштен өртеніп, өз қатесін жөндеуге барғанда, тым кеш қалатынын сезетіні жайлы адамның жай-күйін терең суреттеген. Автор осы шығарма арқылы қазақ халқының да жойылып кетуден аман алып қалудың жолдарын қарастырған шығармасы болуы да мүмкін.

Оқырман – көркем шығармаға ден қояшы, құлақ түруші, көңіл қоюшы. Оқырманның мәтінді қабылдауы оның білім – білігінен басқа көптеген факторларға тәуелді екені белгілі болса да, осы үдерісті көптеген адам әр тұрғыдан қазбалап зерттеген. Б.Барт пен У. Эко әдеби туындыны талқылаудағы орта ғасырлық схоластардың тәжірибесін үлгі етіп ұсынды, олар мәтіндегі әртүрлі деңгейдегі әрқилы «әдеби кодтарды» анықтау арқылы ғана оған дұрыс баға беруге болады деп санады. Г.Яусс тәжірибесі қолайлы төте талқылаудың өзіндік жолын көрсетті. Ол - жалпылай алғанда мәтінді түсіну - талқылау - пайдалану сияқты үш негізгі кезеңнен тұратын күрделі үдерісті қолдады.

Т.У.Есембеков «Көркем мәтін поэтикасы» атты еңбегінде: «Әдеби мәтінді түсіну барысын Г.Яусс шартты белгі, яғни нотамен жазылған музыкалық туындының партитурасын оқумен теңестіреді. Бұл кезеңде талқылаушының өзі екіге бөлінеді екен: біреуі – қатардағы оқырман, екіншісі – оның қалай оқығанын талдайтын кәсіби филолог, ол оқырманның үнемі үстінен қарап тұрады. Ал талқылау (интерпретация) үдерісін ғалым мәтінді оқып түсіну кезінде екіге бөлінген оқырманның қайтадан эстетикалық тұтас тұлғаға айналуы дейді. Оқырманның жүйкесі мен сезіміне, ойы мен санасына мәтіннің ерекше салмақ түсіретін кезі - осы. Мәтінді аяғынан басына дейін тағы бір сүзіп оқып шығу, кейбір тұстарды қайта – қайта пысықтау, жекелеген сәттерге шүйлігу, өзіне, мәтінге, авторға сан сұрақ қою, оларға жауап іздеу - өте қиын үдеріс. Мәтін қойған сауал, оқырман диттеген амал да бар мұнда. Осының бәрін жауап беруші – мәтін ғана, өйткені онда автордың барлық сауалдарға эксплициттік дайын жауабы жоқ. Оқырман автордың екіге жарылуы жайлы жазылған еңбектерді оқу, талдау, талқылау барысында да екіге бөлінеді. Бұның барлығы

оқырманның ой-сезімі мен танымының көрінісі»/5, 184 б./-деп, оқырманның да түрге бөлініп, шығарма тану ерекшелігін айтқан.

Бұл шығармадан оқырман өзіне қажетті өзекті нәрсені тауып, адамгершілік жағынан үлкен сабақ алады. Жоғарыда оқырманның екі түрі болатынын айтқан едім. Сол кәсіби филолог ретінде Ә.Кекілбайдың шығармаға берілген оқырман пікірі: ««Парасат майданы» қайталап айта беруге, тіпті жіліктеп талдап беруге келмейтін зұлмат хикая. Оны оқып отырып, ойын оң саққа жүгіртіп, ойланасың, тебіренесің. Ойлаған сайын ойсырап, құлазып, тебіренген сайын теңсеел күйзелесің. Нағыз өнердегі «шок терапиясы»». /6, 56 б./Т.Әбдікұлы шығармалары туралы Г.Орда мынандай баға береді: «Өткен ғасырдың 60-жылдарындағы әдебиет, ол – адамның жан дүниесіне үңіліп, талдау жасау жағынан ерекшеленетін. Төлен ағамызды шығармашылығы адам бойындағы ерекше құбылыстарға және сонымен бірге психологиялық талдау жасау арқылы оқырманға, замандастарына үлкен ой салған, жекелеген кейіпкерлердің өмірлері арқылы үлкен философиялық ойларға жетелеген қаламгер қатарына жатқызуға болады. Мысалы, «Оң қол» әңгімесі алпысыншы жылдардағы қазақ прозасының үлкен табысы болса, соңғы жазылған «Парасат майданының» өзі де соның заңды жалғасы ретінде көрініп отыр». Т.Әбдікұлы шығармалары оқырман қауымын оятып, тың ой салып, шығармашылық сүйсіндіргені анық.

Қорыта келгенде, қазіргі уақытта шығармалардың тілін, көркемдік ерекшелігін зерттеуден бөлек көркем мәтін-оқырман-автор концепциясын зерттеу басты нысанаға алынды. «Үштік» концепциясы - автор идеясының көркем мәтінде көрініс табуын және көркем мәтінді оқырманның түсініп, ой жалғастыруын зерттейтін бағыт. Автордың тұлғасы, идеясы, жазу шеберлігінің мәтінде көрінуі автор шеберлігінің белгісі. Автор шынайы бейне жасағанда ғана шығармасы шынайы болып шығады. Өйткені, көркем мәтін автор мен оқырман арасындағы ой байланысы. Көркем мәтіннің құндылығы – қаламгердің астарлы ойы. Астарлы ой шығарма тақырыбынан бастап, оқиға желісі, кейіпкерлердің бейнесі, шығарма идеясы арқылы өріледі. Ал жақсы ой оқырман ұстанымының қалыптасуына, шығармашылық байланыстың орнауына себепкер болады. Көркем мәтін-автор-оқырман концепциясы ажырамас, күрделі, мәңгілік үдеріс. Бұл - көркем мәтін арқылы автор мен оқырман арасында жүзеге асатын шығармашылық үдеріс.

Әдебиеттер

1. Жақыпбекова Р. Т.Әбдік шығармаларының композициялық ерекшеліктері. Шымкент: Яссауи атындағы қазақ-түрік университеті, 2006. – 56 б.
2. Савельева В.В. Психопантропология и современная художественная литература // Художественная литература и проблемы антропологии. Караганда, 2002.
3. Гиршман М.М. Целостность литературного произведения. В книге Проблемы художественной формы социалистического реализма. -Т.2. – Москва: Наука, 1971. – 352 с.
4. Әбдіков Т. Оң қол. Алматы: Атамұра, 2002.
5. Есембеков Т.У. Көркем мәтін поэтикасы. Алматы: Қазақ университеті, 2012. -230 б.
6. Мауленов А.А. Т.Әбдіковтің «парасат майданы» повесіндегі модернистік бағыттағы көркемдік ерекшеліктер. Алматы. «қазақстанның ғылыми әлемі» журналы, №53 (10). 2010 ж, 54-57 б.

Т. ІЗТЕЛЕУҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МЫСАЛ ЖАНРЫ

Мекебаева Қатира Олжабайқызы, магистрант, Сулейман Демирель университеті

Түйін

Т.Ізтелеуұлының мысал жанрындағы рөлі. Т.Ізтелеуұлы шығармашылығы қазақ әдебиеті дамуындағы ақындық мұра болып табылады. Өз мысалдарымен адамдарда патриоттық сезімдер мен адалдықты тәрбиелеуге шақыруы.